Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МҮГЕДЕКТЕР МЕН ҚАРТТАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНАТ ҮЙЛЕРІ

ДОМА - ИНТЕРНАТЫ ДЛЯ ИНВАЛИДОВ И ПРЕСТАРЕЛЫХ

ҚР ҚН 3.02–05–2013*
СН РК 3.02–05–2013*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Сұлтан 2019

ҚР ҚН 3.02-05-2013*
СН РК 3.02-05-2013*

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Монолитстрой-2011» ЖШС
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА», ТОО «Монолитстрой-2011»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 17.10.2017 жылғы №224-НҚ және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 6 тамыздағы №121-НҚ бұйрықтарына сәйкес әзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан №224-НҚ от 17.10.2017 года и Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 6 августа 2019 года №121-НҚ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 2
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ 4
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты 4
4.2 Функционалдық талаптар 4
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР 5
5.1 Жалпы ережелер 5
5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар 7
5.3 Әрт қауіпсіздігі бойынша талаптар 8
5.4 Ғимаратты пайдалану барысында адамдардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша талаптар 10
5.4.1 Орналастыруға, жер теліміне және аумаққа қойылатын талаптар 10
5.4.2 Кәлемдік-жоспарлық шешімдерге қойылатын талаптар 13
5.4.3 Коммуникациялық жолдарға қойылатын талаптар 16
5.4.4 Кіреберіс топтарға қойылатын талаптар 17
5.4.5 Лифтілерді және кәтергіштерді орнатуға қойылатын талаптар 18
5.4.6 Ақпарат және мүгедектерді бағдарлау құралдары 19
5.4.7 Қосымша талаптар 21
5.4.8 Санитарлық-гигиеналық үй-жайлар 21
5.5 Инженерлік қамтамасыз ету 22
5.5.1 Сумен жабдықтау және канализация 22
5.5.2 Жылумен жабдықтау, жылу және желдету жүйелері және құрылғылары 23
5.5.3 Электрмен жабдықтау жүйелері және құрылғылары 24
5.5.4 Байланыс және сигнализация құрылғысы 25
5.6 Қоршаған ортаны қорғау 26
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ 27
6.1 Энергия тұтынуды азайтуға қойылатын талаптар 27
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану 28

КІРІСПЕ

Осы құжат құрылыс саласын аймақтық және әлемдік әлеуметтік-экономикалық жүйеге біріктіруге бағытталған нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базасының реформасы шегінде әзірленген.

Осы құрылыс нормалары «Ғимараттар мен құрылыстар, құрылыс материалдары мен бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормаларында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы құрылыс нормаларының қолайлы шешімдері және оның талаптарын орындау параметрлері ҚР ҚН 3.02-105-2013 «Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат үйлерінде» келтірілген.

ҚР ҚН 3.02-05-2013*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

МҮГЕДЕКТЕР МЕН ҚАРТТАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНАТ ҮЙЛЕРІ

ДОМА - ИНТЕРНАТЫ ДЛЯ ИНВАЛИДОВ И ПРЕСТАРЕЛЫХ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы

17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

1.1 Осы құрылыс нормалары мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлерін (стационарлық түрдегі медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) орналастыруға, жер учаскесіне, аумағына, кәлемдік-жоспарлық шешіміне, жайдың құрамы мен алаңына, инженерлік қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы құрылыс нормалары қарттардың және келесідей санаттағы мүгедектердің тұруына арналған ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға, тұрғызуға және реконструкциялауға таралады:

- тірек-қимыл аппараты зақымданған;
- кәру қабілеті бұзылған;
- есту қабілеті бұзылған;
- ақыл-ойы жеңіл зақымданған жүйке ауруы науқастары.

1.3 Осы нормативтік құжат айрықша мекемеде болуды қажет ететін ақыл-ой аппаратының ауыр жарақаты бар психохрониктерге арналған үй-интернаттарға таратылмайды.

*2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін мынадай нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген Электр қондырғыларын орнату қағидалары.

Ресми басылым

ҚР ҚН 3.02-05-2013*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты әрт сәндіру және автоматты әрт сигнализациясы, әрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жәніндегі талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген «Әрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.02-20-2011 Мәдени ойын-сауық мекемелері.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын жасалатын «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі» ақпараттық каталогы бойынша және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналына тиісті құрастырылатын сілтемелік құжаттардың қолданылуын тексеру орынды. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (әзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (әзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже, осы сілтемені қозғамайтын бәлігінде қолданылады.

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 06.08.2019 ж. №121-НҚ бұйрық).

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

*Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады: *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 06.08.2019 ж. №121-НҚ бұйрық).*

3.1 **Акцент:** Айқындық бағдар, мүгедектер мен қарттар үшін маңызды ақпараттық сәулет ортасының элементі.

3.2 **Габариттер**: Сәулет ортасы элементтерінің шеткі шығыңқы бәліктері бойынша олардың ішкі («кәрінетін») және сыртқы («таза») әлшемдері.

3.3 **Интернат-үй:** Күтімге, тұрмыстық және медициналық қызмет кәрсетуге, әлеуметтік-еңбек бейімділігіне мұқтаж қарттар мен мүгедектердің тұрақты тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекеме.

3.4 **Қолжетімділік (кедергісіз):** Кедергісіз орындарға жетуіне және қызметті пайдалануына мүмкіндік беретін ғимараттар, үй-жайлар, қызмет кәрсету орындарының қасиеттері.

3.5 **Қол жетерлік**: Қолдану, затқа дейін жету мүмкіндігін қамтамасыз етуші параметрлері, қолдану объектісі бар қызмет кәрсету орнының қасиеті.

3.6 **Аймақ**: Қоршаушы конструкциялармен толықтай белгіленбеген функционалдық ұйымдастырылған кеңістік параметрлері мен конфигурациясы.

3.7-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы

17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

3.7 **Мүгедек**: Тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жараланыуға, жарақаттарға,

контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты ағза функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам.

3.8 **Ақпараттық**: Ақпараттандыру құралдарын қолдану, бағыттарды әз уақытында тану, келу мақсаты болып табылатын тұрған жерлерін және орындарын сәйкестендіру, тәуліктің жарық, сол сияқты қараңғы уақытында тиімді бейімделу, барлық қолдану жолдарында ақпараттық қолдау кәрсету.

3.9 **Коммуникациялық кеңістіктер:** Басты түрде адамдар легінің қозғалуына арналған ғимараттардың, құрылыстардың және жер телімдері аймақтары және үй- жайлары.

3.10 **Қолайлылық** (жайлылық): мүгедектер мен қарттардың әздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға минималды шығындарды және күштерді жұмсау үшін жағдайлар жасау;

- әз уақытында демалу, күту және қосымша қызмет кәрсету мүмкіндігін қамтамасыз ету, қозғалысқа және қызметтерді алуға жұмсалған күштердің орнын толтыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

- қажетті ақпаратты алуға уақытты және күштерді қысқарту.

3.11 **Қызмет көрсету орындары**: Мүгедектер мен қарттарға қызметтер кәрсету үшін ұйымдастырылған және жабдықталған ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, аймақтар бәліктері.

3.12 **Пандус**: Ғимараттың ішінде, сол сияқты сыртында тік жылжуға арналған кәлбеу жазықтық.

3.13 **Көтеру**: Кәлбеу қозғалыс жолдарының жақын кәлденең жазықтықтары арасындағы деңгейлер айырмасы (тік әлшем).

3.14 **Көтергіш құрылғы (платформа)**: Платформаға орналастырылған мүгедектер мен қарттарды кәтеру және түсіру үшін жүйелі әрекет ететін стационарлы жүк кәтергіш машина. Тік жылжитын платформалар – 15 артық емес бұрышпен, кәлбеу жылжитын платформалар – 75 артық емес бұрышпен.

3.15 **Жылуды қасбет бойынша реттеу**: осы энергия үнемдеу шарасы жылыту аспаптарындағы термостатикалық клапандарды баламалы орнату болып табылады. Бойлық ғимараттар үшін тиімді. Жүйелердің әрқайсысының температуралық кестесін түзету жиналған сору ауа әткізгіштерге орнатылған температура датчиктері бойынша жүргізіледі.

3.16-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы

17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

3.16 **Қарттар**: Үлкен жас тобындағы адамдар, ерлер 63 жас және одан жоғары, әйелдер 58 жас және одан жоғары.

3.17 **Өтпе жолдар**: Функционалды және (немесе) конструктивті элементтер (жабдық) арасындағы жаяу жүргінші кеңістігі.

3.18 **Сағатты белгілеу жүйесі**: Іштей және сырттай қолданылатын сағаттардағы

ағымдағы уақыт сигналын индикациялауды қамтамасыз етуге арналған. Бірыңғай уақыт жүйелерімен әртүрлі объекттерді, мекемелерді, соның ішінде интернат-үйлерді жабдықтайды.

3.19 **Жер телімі**: Интернат-үйлерді тұрғызу және олардың жұмыс етуі үшін бөлінген аумақ.

3.20 **Функционалдық аймақтар**: Функционалдық мақсаттарға белгіленген белгілі шекарасы бар кеңістік аумағы.

3.21 **Эргономикалық параметрлер**: Қандай-да бір қызмет қозғалысының жағдайындағы адам параметрлері.

4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Нормативтік талаптардың мақсаты – адамдардың әмірі мен денсаулығын сақтау, мүліктерді және қоршаған ортаны қорғау мақсатында оларды барлық қолдану кезеңінде мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ энергетикалық тиімділік пен ресурстарды үнемдеуді қамтамасыз ету.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер ғимараттары, жалпы олардың бөліктері мен жекелеген элементтері, сондай-ақ ғимараттың астындағы негіздер олардың барлық қолдану кезеңінің ішінде ұшырауы мүмкін болжамды жүктемелер мен әсерлердің байланысына тәзімді болуы тиіс.

4.2.2 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер ғимараттары оларды пайдалану барысында, бірінші кезекте, ғимаратта әрт болдырмау мүмкіндігімен қамтамасыз етілетіндей жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.3 Ғимаратта әрттің пайда болу және таралу қаупін, оның қауіпті факторын азайту, ал әрт туындаған жағдайда - адамдарды, оның ішінде физикалық және ақыл-ой ауытқушылығы бар адамдарды қауіпсіз аймаққа эвакуациялау кезінде кәтергіш конструкциялардың орнықтылығымен және әртті жою мүмкіндігімен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.2.4 Интернат-үйлер ғимараты оның ішкі ортасы мүгедектер мен қарттарға жол бергісіз ықпал кәрсетпейтіндей, онда адамдар тұрғанда және келіп-кеткенде оның қызмет ету мерзімінің ішінде зиянды факторлар болмайтындай ретпен жобалануы және салынуы тиіс. Аумақта қоршаған ортаға әсерді ескере отырып, адамдардың әмір тіршілігі үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс.

4.2.5 Интернат-үйлер ғимаратында мүгедектердің, қарттардың, сондай-ақ ғимаратты пайдалану барысында қызметкерлердің әмірі мен денсаулығын қамтамасыз ететін аумақты кәріктендіруді, сәулет-жоспарлау шешімін, санитарлық-гигиеналық талаптарды ескере отырып, тұру үшін қажетті жайлы жағдай жасалуы тиіс.

4.2.6 Ғимараттағы ішкі инженерлік жүйелер температураны, ылғалдылық пен ауаның жылжу жылдамдығын, конструкцияның жылуға тәзімділігі мен жылу сіңіргіштігін қоса алғанда, тұру үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.7 Үй-интернаттар ғимараты судың ластануы мен ағуына жол бермей, судың талап етілген кәлемде үзіліссіз берілуі үшін жағдай жасауды ескере отырып жобалануы тиіс.

4.2.8 Канализация жүйелері мен желілері сұйық ағындыларды сумен жабдықтау жүйесіне түсірмей, топырақ пен қоршаған ортаны ластамай кетіруді қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.9 Балалардың қалыпты әмір сүруі және балалар денсаулығына зиян келтіру қаупін болдырмау үшін үй-жайдың табиғи инсоляциясы мен жасанды жарықтандыруға, сондай-ақ дыбыс оқшаулауға жағдай жасалуы тиіс.

4.2.10 Ғимаратты тұрғындарды, қызметкерлер мен мүліктерді жарылыс салдарынан, сондай-ақ бәгде адамдардың рұқсатсыз кіруінен және байланыс жасауынан қорғауды қамтамасыз ету керек.

4.2.11 Ғимаратты салу мен пайдалану кезінде қоршаған ортаға кері әсерді болдырмау қажет.

4.2.12 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер ғимараты, оның қоршау құрылыс конструкциялары, жылыту мен салқындату жүйесі, желдету және ауа баптау, сондай-ақ жарықтандыру энергия үнемдеу мен жылу сақтау режимінде жұмыс істеуі тиіс.

4.2.13 Интернат-үйлер ғимаратын салу және пайдалану кезінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, әндірістік және қайталама материалдарды барынша пайдалану қатамасыз етілуі тиіс.

*4.2.14 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат үйлерді жобалау кезеңінде объектінің Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесіне қатыстылығын анықтау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес объектінің терроризмге қарсы қорғалуының тиісті жүйесін құру үшін шаралар қабылдау қажет.

(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 06.08.2019 ж. №121-НҚ бұйрық).

5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Мүгедектер мен қарттарға арналған үй-интернаттарды жобалау қалақұрылысы жағдайларын, әлеуметтік климатты, осы ғимараттарды нақты Жер телімін таңдау бойынша болжамды ауданға орналастырудың әлеуметтік салдарларын бағалау бойынша жұмыстардың жоба алдындағы кезеңін орындау арқылы жүзеге асуы тиіс. Тексеру нәтижелері бойынша интернат ауданның жобаланатын объектісін орналастыру үшін таңдалған әлеуметтік ортаға біріктіру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін шаралар анықталуы тиіс.

5.1.2 Объектінің сәулеттік шешімі мүгедектер мен қарттарға мынадай кәмек кәрсетуі тиіс:

- ғимарат, құрылыс, үй-жай аймақтарын сәйкестендіру;
- коммуникациялық кеңістіктерді табу және қолдану, әз жолының, соның ішіндеэвакуация кезіндегі жолдың бағытын анықтау;
- қатер аймағын әз уақытында анықтау және сенімді түрде аулақ болу.

5.1.3 Мүгедектер мен қарттарға арналған үй-интернаттар әз тұрғындарына келесі

қызмет кәрсету түрлерін қамтамасыз етуі тиіс:

- тұруын;
- тамақтандыру;
- санитарлық-гигиеналық қызмет кәрсету;
- оқыту, мәдени-кәпшілік қызмет кәрсету, кәсіби дайындық (мүгедектердің жеке мүмкіндіктеріне байланысты);
- медициналық қызмет кәрсету (дене реабилитациясын қосқанда);
- әкімшілік-тұрмыстық қызмет кәрсету.

5.1.4 Үй-интернаттар ғимаратындағы үй-жайлардың сыйымдылығы, құрамы және ауданы арнайы функционалды арналуына және пайдаланушылар контингентіне байланысты, сонымен қатар функционалды аймақтарының әлшемдері мен түрлерінің, жер телімін пландап ұйымдастырылуының болуы әрбір нақты жағдайда жобалау тапсырмасына сәйкес анықталуы тиіс.

5.1.5 Ғимаратты жобалау және тұрғызу кезінде құрылыс тұрғызу жер телімінің родон қауіптілігін, техногенді радиоактивті ластанудың болуын және құрылыс конструкцияларының радиоактивтілік деңгейін ескеру керек.

5.1.6 Барлық үй-жайларда шектеулі мүмкіндіктері бар, сонымен қатар арбамен қозғалатын науқастардың физикалық күштерін жеңілдетуі үшін құрылғылар мен аспаптарды қарастыру керек.

5.1.7 Мүгедектер мен қарттарға арналған үйлерді және интернаттарды жобалау барысында келесілерді қамтамасыз ету керек:

- үй-жайлардағы жақсы акустиканы;
- жиһазды, жабдықтарды, техникаларды қолдану жеңілдігін;
- бликтердің пайда болу ықтималдығын ескерумен оңтайлы жарықтандыру.

5.1.8 Интернат-үйлерді жобалау барысында тірек-қимыл аппараттары зақымданған мүгедектер екі ішкі топқа бөлінетіндігін есепке алу қажет:

- қозғалу кезінде жүру үшін әртүрлі аспаптарды қолданатын мүгедектер;
- қозғалу кезінде кресло-арбаларды қолданатын мүгедектер.

5.1.9 Интернат-үйлерді жобалау барысында кәру қызметтері бұзылған мүгедектер негізгі екі топқа бөлінетіндігін есепке алу қажет:

- кәру қызметі толық бұзылған;
- кәру қабілеті төмен адамдар (кәру қызметі жартылай бұзылған).

5.1.10 Осы мүгедектер тобы үшін объектілерді жобалау барысында қосымша бағдарлау жүйесін қолдану керек:

- түстердің контрасты үйлесімдерін және материалдардың фактураларын;
- дыбыстық сигналдарды;
- арнайы бағыттаушы және ескерту құрылғыларын;
- бедерлі және бейнелі кестелер мен кәрсеткіштер және т. б.

Ағзаның антропометриялық құрылымы бұзылмаған, кәру қызметі бұзылған мүгедектер қарапайым адамдардың сырт келбетін ұлғайтатын таяқты пайдаланады.

5.1.11 Есту қабілеті бұзылған мүгедектер әздерінің антропометриялық сипаттамалары бойынша дені сау адамдарға жақын және осы нормаларда берілген орта, ғимарат және құрылыс элементтерінің негізгі параметрлеріне түзетулерді енгізуді талап етпейді.

Осы дәрежедегі мүгедектер үшін қосымша визуалды және жарық ақпараттарын орнатуға қойылатын талаптарды ескеру керек.

5.1.12 Мүгедектердің жүйке ауруы науқастарына арналған объектілерді жобалау барысында осындай науқастардың мінез-құлқындағы барабар емес тәртіптерді ескеру керек.

5.2 Ғимараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.2.1 Ғимараттың негіздері және кәтергіш конструкцияларды жобалау, тұрғызу барысында және пайдаланудың есептік жағдайында мынадай мүмкіндік болмайтындай салынуы тиіс:

а) ғимаратты пайдалануды тоқтату қажеттілігіне алып келетін конструкциялардың қираулары немесе зақымданулары;

б) деформация немесе жарықшақтардың пайда болуы салдарынан конструкциялардың немесе жалпы ғимараттардың пайдалану қасиеттерінің төмендеуі.

Кәтергіш конструкциялардың механикалық қауіпсіздік бойынша талаптарына сәйкестігі барлық жобаланатын кәтергіш конструкциялардың және оның элементтерінің талдау негізінде ғимараттың сенімділігін және орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында кестелік немесе тәжірибелі мәліметтерді қолдану арқылы жүзеге асуы тиіс.

5.2.2 Ғимарат конструкциялары және негіздері кәтергіш және қоршаушы конструкциялардың әз салмағынан түсетін тұрақты жүктемелерді; аражабындарға түсетін біркелкі таратылған және шоғырланған уақытша жүктемелерді; құрылыстың осы ауданы үшін қар және жел жүктемелерді қабылдауға есептелінуі тиіс. Аталған жүктемелердің нормативтік мәндері, жүктемелердің ескерілген немесе олардың күштеріне сәйкес келетін қолайсыз үйлесімдері, конструкциялардың иілулерінің және қозғалуларының шекті мәндері, сонымен қатар жүктемелер бойынша сенімділік коэффициенттері сәйкес келетін нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

Ғимараттың конструкциялары мен негіздерін есептеген кезде тапсырыс берушінің-құрылыс салушының қосымша талаптары да, мысалы, қабырғалар мен тәбелерге ішкі кәріміс қондырғыларының ауыр элементтерін бекітуге қойылатын талаптар ескерілуі тиіс.

5.2.3 Ғимараттың болжамды қызмет ету мерзіміне қарағанда, қызмет ету мерзімі аз элементтер, бәлшектер, жабдық жобада белгіленген жәндеу аралық кезеңдерге сәйкес және жобалау тапсырмасының талаптарын ескеру арқылы ауыстырылуы тиіс. Жәндеу аралық кезеңдерді сәйкесінше ұлғайту немесе азайту кезінде аз немесе кәп тәзімді элементтерді қолдану туралы шешім техникалық-экономикалық есептеулермен орнатылады.

Бұл жағдайда құрылыс жұмыстарының материалдарын, конструкцияларын және технологиясын жәндеуге, техникалық қызмет кәрсетуге және пайдалануға жұмсалатын кейінгі ең тәменгі шығындарды қамтамасыз ету есебінен таңдау керек.

5.2.4 Конструкциялар мен бәлшектер ылғалдың, тәменгі температуралардың, агрессиялық ортаның, биологиялық және басқа жағымсыз факторлардың ықтимал әсерлеріне тәзімділікке ие материалдардан дайындалуы тиіс.

Қажетті жағдайларда ғимараттың кәтергіш және қоршаушы конструкцияларының қалың қабатына жаңбыр, қар суларының, ағын сулардың кіруінен, сонымен қатар сыртқы

қоршаушы конструкцияларда конструкциялардың немесе жабық кеңістіктердегі және ауа қабаттарындағы желдету құрылғыларының жеткілікті герметикалануы арқылы конденсациялық ылғалдың жарамсыз мәлшерінің пайда болуынан сәйкесінше шаралар қабылдануы тиіс. Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қажетті қорғаныс құрамдар мен жабындар қолданылуы тиіс.

5.2.5 Жинау элементтерінің жапсарма қосылыстары және қабатты конструкциялар негіздің біркелкі емес шөгуі кезінде және басқа пайдалану әсерлері кезінде пайда болатын температуралық-ылғалды деформациялар мен күштерді қабылдауға есептелінуі тиіс. Жапсарларда қолданылатын тығыздағыш және герметикаланатын материалдар жағымсыз температуралар мен ылғалдар әсер еткен кезде серпімді және адгезиялық қасиеттерді сақтауы, сонымен қатар ультракүлгін сәулелерге тұрақты болуы тиіс. Герметикалық материалдар конструкциялардың байланысқан жерлерінде олардың қорғаныс және қорғаныс-сәндік жабын материалдарымен үйлесімді болуы тиіс.

5.2.6 Ғимараттың инженерлік жүйелерінің жабдығына, арматурасына және аспаптарына және тексеру, техникалық қызмет кәрсету, жөндеу және ауыстыру үшін олардың қосылыстарына қатынау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Жабдық және құбырлар конструкцияларды ықтимал жылжыту кезінде олардың жұмысқа қабілеттілігі бұзылмайтындай етіп ғимараттың құрылыс конструкцияларына бекітілуі тиіс.

5.2.7 Сейсмикалық әсерлерге, топырақтың шөгуі және басқа жылжуларына ұшыраған ғимараттарды тұрғызу, әзірлеу кезінде аязда ісінуді қосқанда, инженерлік коммуникацияларды енгізу әртүрлі инженерлік желілер бойынша нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес негіздерінің ықтимал деформацияларының орнын жабу қажеттілігін ескере отырып орындалуы тиіс.

5.2.8 Ғимараттардың қоршау және кәтергіш конструкциялары сәйкесінше нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

5.2.9 Ғимараттарды қазбалы аудандарға, шөкпелі топырақтарға, сейсмикалық аудандарға орналастыру кезінде, сонымен қатар басқа геологиялық жағдайларда сәйкес келетін құрылыс нормаларының қосымша талаптарын ескеру керек:

- ғимараттың іргетастары топырақтардың физика-механикалық сипаттамаларын, құрылыс алаңдарындағы гидрогеологиялық режим сипаттамаларын, сонымен қатар іргетастарға және жерасты инженерлік желілерге қатысты топырақтар мен жерасты суларының агрессиялық деңгейін ескеру арқылы жобалануы тиіс және ғимарат элементтерінің астындағы негіздердің қажетті шөгу біркелкілігін қамтамасыз етуі тиіс;

- конструкциялар құрылыстың нақты алаңы жағдайларында олардың тиімді және экономикалық мақсаттылығын ескеру арқылы қабылдануы тиіс.

5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар

5.3.1 Ғимараттың өрт қауіпсіздігі және кәлемдік-жобалық шешімі «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенттерінің талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы өрт қауіпсіздігі бойынша басқа нормативтік

құжаттарға сәйкес келуі тиіс.

5.3.2 Ғимараттар арасындағы ең төменгі арақашықтықты ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына сәйкес қабылдау керек.

5.3.3 Интернат-үйлердің олардың барлық ұзындығына әрт автомобильдері кіретін жолы қамтамасыз етілуі тиіс. Ғимараттар мен құрылыстар әрт сәндірушілер адамдарды құтқару, меншікті қорғау бойынша жұмыстарды тиісті түрде жүзеге асыра алатындай және әрт сәндіру жабдықтарын қолдана алатындай жобалануы және салынуы тиіс.

Әрт сәндіру машиналарының кірер жолдарын ғимараттан шығатын негізгі эвакуациялық шығатын есіктерге, әрт бөлімшелеріне арналған лифттерге алып келетін кіретін есіктерге қарастыру керек. Ғимараттың қасбеттеріне әрт сәндіру авто баспалдақтарының және автокәтергіштердің кіретін жолдарын сәйкес келетін жүктемелерге есептелінген стилобаттардың және жапсарлас үйлердің пайдаланылатын шатырлары бойынша жобалауға жол беріледі.

5.3.4 Интернат-үйлер ғимараттарының отқа тәзімділік деңгейі әрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар ережесіне сәйкес анықталады.

5.3.5 Ғимараттар әрттен қорғау құралдарының кешенімен жабдықталуы және «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты әрт сәндіру және автоматты әрттік сигналдандыру, хабарландыру жүйелерімен жабдықтау және әрт кезінде адамдарды эвакуациялауды басқару жәніндегі талаптар» техникалық регламент талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.3.6 Емдеу-еңбек, емдеу-әндірістік және әндірістік шеберханаларда жарылу қауіпті заттар мен материалдарды қолдануға тыйым салынады.

5.3.7 Электр жабдық, аспаптар және олардың жұмыстары тұтану кәздері сияқты олардың ықтимал мүмкіндігін кемітетіндей орнатылуы тиіс.

Халықты әлеуметтік қорғау мекемелері ғимараттарындағы кабельдер мен электр желілері жалынның таралуына тұрақты, ал баспалдақ торы және дәліз кәлемдерінде жүргізу кезінде олар уыттылығы бойынша аз қауіпті жану әнімдерінің орташа түтін түзу қабілеттілігі бар материалдардан дайындалуы тиіс.

5.3.8 Әткелдер, дәліздер және кәшіру жолындағы басқа кәлденең учаскелер ені кәшірілетіндер санына байланысты белгіленеді, ол ең кәп санды ауысымды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жұмыс істеушілерді ең жоғары әткізу қабілетімен қамтамасыз етіледі.

5.3.9 Кемінде екі эвакуациялық шығатын есіктері мүгедектер мен қарттарға арналған үй-интернаттардың әрбір қабатында болуы тиіс.

5.3.10 Эвакуациялық шығаберістер айқын белгіленуі және кәру қызметі бұзылған адамдар үшін барынша айрықшалануы тиіс.

5.3.11 Эвакуациялық жолдарды жобалаған кезде дәліздер енін мүгедектер арбасының бір мезгілде екі бағытқа бір уақытта жүру мүмкіндігін қамтамасыз етуді ескере отырып есептеу керек.

5.3.12 Интернат-үйлерде түтінді анықтаудың автоматты жүйесі, әрт және күзет сигнализациясының автоматты жүйесі орнатылуы тиіс.

5.3.13 Әрт және күзет сигналының автоматтандырылған жүйелерін қабылдау құрылғылары инженерлік қондырғылардың диспетчерлік пунктіне немесе тәулік бойы кезекшілік ететін кезекші техникалық қызметкер жайына орналастырылады.

Әртке қарсы қорғаныстың инженерлік жүйелерімен басқару осы үй-жайда жүзеге асуы тиіс.

5.3.14 Интернат-үйлерде бір уақытта әрт дабылының қызметін орындайтын автоматты әрт сәндіргішті қолдану керек.

5.3.15 Ғимараттың инженерлік жабдығын жобалау кезінде әрт кезінде қолданылатын инженерлік жабдықтың бірге жұмыс істеу жоспарын әзірлеу қарастырылуы тиіс.

Жоспарға мыналар енгізілуі тиіс:

- әрт кезінде ғимараттың әртке қарсы қорғанысының жұмыс істеу мақсаты;
- инженерлік жабдықты қолданған кездегі оның жетістік тәсілдері;
- негізгі әртке қарсы инженерлік жабдықтың және қосарлы мақсаттағы жабдықтың (әрт кезінде және қалыпты пайдалану жағдайларында қолданылатын) тізімі.

Жоспарда әрт кезінде (олардың ықтимал істен шығуларын есепке алу арқылы) қолданылатын инженерлік (және басқа) жабдық элементтерінің іске қосылуының хронометриялық реттілігі, жекелеген жағдайларда терезе, есік және басқа ойықтардың қалпы берілуі тиіс.

5.3.16 Интернат-үй ғимараттарындағы әрт лифтілерінің құрылғысы, сонымен қатар әрт лифтілерін басқару жүйесі қарапайым пайдалану режимінде және әрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес «әрт қауіпсіздігі» режимінде лифтілердің жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.17 Әрт сәндіру ретінде қолданылмайтын, әрт туындаған кезде жолаушыларды отырғызу-түсіру жүргізілмейтін лифтілер әртке қарсы жүйелерден орталық басқару пультінен әрт туралы сигнал түскен кезде ондағы адамдардың бұйрығына қарамастан, автоматты түрде бірінші қабатқа түсуі тиіс және олардың есіктері жолаушыларды түсірген кезде ашылуы тиіс.

Әрт туындаған жағдайда, жолаушыларды отырғызып-түсіретін лифтілер тек есік жабылғаннан кейін ғана қозғалуды бастауы тиіс. Ондағы есіктер жолаушыларды түсіргеннен кейін автоматты жабылуы тиіс.

5.4 Ғимаратты пайдалану барысында адамдардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша талаптар

5.4.1 Орналастыруға, жер теліміне және аумаққа қойылатын талаптар

5.4.1.1 Елді мекендерді тұрғызу жүйесінде интернат-үйлерді орналастыру, әнеркәсіптік объектілерден, кәлік магистральдарынан және т. б. алыстату мәселелері, сонымен қатар табиғатты қорғау шаралары мәселелерін Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын нормативтік құжаттардың қалақұрылысы талаптарына сәйкес шешу керек.

5.4.1.2 Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерді оқшауландырылған, қоршалған жер телімдеріне тұрғызу керек.

5.4.1.3 Интернат-үйлер адам үшін ықтимал қауіпті топырақтағы химиялық биологиялық және микробиологиялық организмдердің құрамы, атмосфералық ауаның сапасы, радиациялық фон, радон деңгейі бойынша, физикалық (шу, діріл ультрадыбысы, электр магниттік әрістер және басқалары) және басқа факторлар бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелердің және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтай отырып, кәсіпорындардың, құрылыстардың және басқа объектілердің шектерінен тыс кәгалдандырылған аумақтарға орналастыру керек.

5.4.1.4 Жер теліміне олармен функционалдық байланысы жоқ объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

5.4.1.5 Интернат-үйлерді қала сыртына орналастырған жағдайда, қызметкерлердің тұру аймағының ауданын жер телімі ауданына қосымша қабылдау керек.

5.4.1.6 Аумақ құрамында келесі функционалдық аймақтар қарастырылуы тиіс:

а) еңбекті және демалысты қолдану орындарын орнату арқылы мекендеу және қызмет кәрсету аймағы;

б) карантин бәлімі мен изоляторы бар қабылдау аймағы;

в) нақты жағдайларға байланысты гараж, қазандық, кір жуатын орын, қойма үй-жайлары, жәндеу шеберханалары, кәкәніс қоймасы және т. б. орналасатын шаруашылық аймағы;

г) қызмет кәрсету қызметкерлерінің тұру аймағы.

Ескертпелер:

1 Қызмет кәрсететін қызметкерлердің тұру аймағы интернат-үйлерді тек қала сыртына орналастырумен қарастырылады.

2 Тар аумақтарға шаруашылық, инженерлік және қосалқы үй-жайларды орналастыру үшін жерасты кеңістігін, соның ішінде қолданыстағы нормативтік құжат талаптарын орындау шартымен интернат-үй ғимараттарының астын қолдану ұсынылады.

5.4.1.7 Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы типтегі интернат-үйлердің жер телімдерін елді мекендердің тұрғын үй аумақтарына, қалалардың қала сырты аймақтарының немесе ауылдық жерлердің рекреациялық аумақтарына орналастыру керек. Соңғы екі жағдайда тұрғындардың туыстарының келуін жеңілдету үшін қоғамдық кәліктің аялдама орындарынан жер теліміне кіретін есікке дейінгі арақашықтықты ескере отырып, ғимараттар жобалануы қажет.

5.4.1.8 Қарттар мен мүгедектерге арналған психоневрологиялық интернат-үйлерді, қарттар мен мүгедектерге арналған арнайы интернат-үйлерді, мамандандырылған бәлімдері бар қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы типті интернат-үйлерді кәбінесе ауылдық жерлерге және қалалардың қала сырты аймақтарына орналастыру керек.

5.4.1.9 Интернат-үйлер жер телімдері сияқты, қоғамдық кәліктің аялдама орындарынан бастап ғимарат аумағына дейінгі оларға іргелес жатқан қозғалыс жолдары кешенің барлық аумақтары бойынша тағайындалған орындарға алып баратын қозғалыс жолдарына (ғимараттарға немесе жеке үй-жайларға кіретін есіктерге) ақпараттық жарық кәрсеткіштерімен және электронды сәйлеу хабарлағыштарымен (қашықтықтан басқару пультінің кәмегімен белсендірілетін) жабдықталуы тиіс.

5.4.1.10 Интернат жер теліміне кіретін кезде автомобиль тұрағын қарастыру керек.

Тұрақтың сыйымдылығын нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес осы елді мекенді автомобильдендірудің есептік деңгейін есепке алу арқылы қызметкердің, келушілердің қажеттіліктеріне, мекемелердің әкімшілік мақсаттарына сүйене отырып есептеу керек.

5.4.1.11 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер жер телімін жобалау барысында мүгедектер мен қозғалу мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың ғимаратқа кіруін қамтамасыз ететін қозғалыс жолдарын сақтау керек.

Жер телімі қоршаулары мүгедектер мен қарттардың әткелдер арқылы және оларды бойлай тірек қозғалыс мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек, ғимараттарды және кешендерді

жер телімі түпкіріне орналастыру кезінде жер теліміне ең кәп ықтимал кіретін есіктен ғимаратқа немесе құрылысқа кіретін есікке дейін жолдарды қысқарту керек.

5.4.1.12 Ғимарат пен құрылысты жер теліміне орналастыру кезінде:

а) жер теліміндегі жаяу жүргінші және кәлік ағындарын бәлу керек;

б) қолайлы қозғалыс жолдарын барлық функционалды аймақтарға және жер телімі алаңдарына, сонымен қатар кіретін есіктерге, абаттандыру элементтеріне қолайлы қозғалыс жолдарын қамтамасыз ету керек;

в) мүмкіндігінше жабық қысқа әткелдермен қамтамасыз ету керек – жалғыз жер теліміндегі жеке тұрған объектілермен пайда болған кешен ғимаратына кіретін және шығатын есіктер арасындағы байланыс.

5.4.1.13 Интернат-үйлердің аумақтары қоршалуы, әрт сәндіру машиналарының жүктеме есебімен қатты жабынды жолдарды жайғастыру арқылы кемінде екі кіреберіс қарастырылуы тиіс, кіреберістің біреуі шаруашылық бәлімі болуы тиіс.

Әрбір ғимаратқа екі қарама-қарсы жақтан кіріс жолдар қарастырылуы тиіс, аумаққа кіретін кезде әтетін жолды қарастыру керек.

5.4.1.14 Жер телімінің шаруашылық аймағы оқшауланыу, қатты жабыны, әздігінше шығар жолы, шаруашылық мақсаттағы ғимарат және құрылыс аумағын қосуы, ас бәлме және қойманың жүктеме алаңы, автотұрақ, қоқыс жинауға арналған алаңы, шаруашылық кәлік ауласы, киімдерді кептіруге арналған алаңы болуы тиіс.

Шаруашылық аймағындағы ғимарат және құрылыс құрамын және оның әлшемдерін арнайы ғимараттарды қоныс құрылымына, қалалардың қала сырты аймағына, ауылдық жерлерге орналастыру есебімен анықтау керек.

5.4.1.15 Қажеттілігіне қарай шаруашылық аймағының аумағында қазандықты, гаражды, кір жуатын орынды (жуу), монша, дезкамераларды, қоймаларды, тоңазытқыштарды, кәкәніс қоймаларын, жылыжайларды, жәндеу шеберханаларын, жанғыш-майлау материалдары қоймасын, су айдауыш мұнараны, трансформатор ішкі станциясын және мекемелердің жұмыс істеуі үшін қажетті басқа құрылыстарды тұрғызу жобалау тапсырмасы бойынша) қарастырылуы мүмкін.

5.4.1.16 Шаруашылық құрылыстардың құрамы, қуаты және ауданы, шаруашылық алаңдардың жабдығы есептеулермен және объектіні инженерлік қамтамасыз етуге мнжеенрлік қамтамасыз етуде техникалық шарттармен, сонымен қатар қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарымен анықталады.

5.4.1.17 Тұрғындар келіп тұратын жер телімі және ғимарат аймақтарын байланыстыратын аллеяларды (жолдарды) мүмкіндігінше қысқа, түзуленетін, барлық ұзындықта кәрінетіндей етіп жобалау керек.

5.4.1.18 Аллея (жолдар) жабындарының бетін берік, тегіс, сырғанамайтындай (оның ішінде ылғалданғанда және салқындаған кезде); аллеялардың (жолдардың) барлық ұзындық бойындағы түсі мен фактурасы іргелес беттердің түсі және фактурасына кереғар болуы тиіс.

5.4.1.19 Жаяу жүргінші аллеяларында (жолдарында) мүгедектердің қозғалысына кедергі келтіретін немесе қозғалысты қиындататын (кәріктендіру, кәгалдандыру, жарықтандыру элементтері, құдық есіктерінің қақпақтары, су қабылдағыштар және торлар, су бәлу науалары және т. б.) қандай-да бір бәгеттер болмауы тиіс. Бәгеттерді жою мүмкін болмаған жағдайда, қоршау қарастыру керек, бортиктердің айналасында негізгі жабынның түсі және бедері бойынша кереғар жабыны бар ескерту жолағы қарастырылады.

5.4.1.20 Аллеяларды (жолдарды) жағалай демалу алаңдарын орнату керек.

5.4.1.21 Ландшафты және фитодизайнерлі композициялар жер телімінде қызмет кәрсету объектісінің ақпараттық жүйесіне кіретін сәулеттік акцент функциялары орындалуы тиіс.

5.4.1.22 Жер телімі аумағында шағын сәулет үлгілерін (күркелер, арықтар, кәгалдар және т. б.) жобалау кезінде оларға кресло-арбадағы мүгедектер мен қарттардың қатынауын қамтамасыз ету керек.

Күркелерді беттер арасында деңгейлер айырмасы туындамайтындай орнату керек.

5.4.1.23 Барлық дала жиһаздары қауіпсіз (үшкір бұрыштарсыз, бұдырсыз және т. б.)

және уытты емес, экологиялық таза жабындармен әңделген болуы тиіс.

5.4.1.24 Интернат аумағындағы жасанды су қоймаларын кәру қабілеті бұзылған адамдар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қоршаулармен жобалау керек.

5.4.1.25 Кешкі уақытта жер телімінің аумағын жасанды жарықтандырумен қамтамасыз ету керек.

5.4.1.26 Кәше жабдықтары, шам бағандары жаяу жүргінші жолдарының шетіне орналасады, қоршалады және кәру қабілеті бұзылған адамдар үшін барынша кәрінетіндей контрасты түске боялады.

5.4.1.27 Объектінің жер телімдері аумағында жаңбыр және қар суларын бұрғыштар қарастырылады.

5.4.1.28 Интернат-үйлердің аумағына жарық аспаптарын орнатуды қарастыру қажет. Олардың жарық түсіруі әту жолдарында жарықтылықты қамтамасыз етуі тиіс, бұл жағдайда ол жаяу жүргіншілердің кәздерін шағылыстырмауы және белгілер, кәрсеткіштер, жарық маяктары және т. б. жарық бермеуі тиіс.

5.4.2 Көлемдік-жоспарлық шешімдерге қойылатын талаптар

5.4.2.1 Ғимараттардың кәлемдік-жоспарлық шешімдері, интернат-үй жер телімдерін жобалау және жабдықтау ҚР ҚН 3.06-01 және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативік құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.4.2.2 Интернат-үйлер құрамына үй-жайлардың негізгі топтарын қарастыру керек:

а) мүгедектер мен қарттар мекендейтін;

б) қызмет кәрсету (мәдени-қоғамдық, медициналық үй-жайлар, кәсіби дайындық және әлеуметтік бейімдеу үй-жайлары, науқастар мен қызметкерлерді тамақтандыруды қамтамасыз ететін үй-жайлар);

в) карантин бәлімін қосатын қабылдау;

г) изолятор;

д) әкімшілік;

е) шаруашылық-қойма;

ж) қызметкерлер тұратын жай (интернат-үйлерді қала сыртына орналастырған кезде).

5.4.2.3 Тұрғын үйлерді мәдени-бос уақытты әткізу және дене шынықтыру-сауықтыру, асханадан, емдеу-еңбек, электр қалқанды және шуды, дірілді және иістерді тарату кәздері болып табылатын басқа үй-жайлардан оқшау болатындай етіп орналастыру керек.

5.4.2.4 Күндіз келетін халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде тұрғын, демалу

бәлмелерінің терезелерін оңтүстікке, оңтүстік-шығысқа, шығысқа бағдарлауды қабылдау керек.

Күннен қорғау болған жағдайда жоғарыда аталған үй-жайлардың терезелерін оңтүстік-батысқа бағдарлау керек.

5.4.2.5-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

5.4.2.5 Тұрғын үй-жайларды (тұрғын бәлмелер) және қосалқы үй-жайларды тұрғын үй топтарына біріктіру керек, олар мыналардың құрамында кәзделуге тиіс:

- әз бетімен қозғалуға және әзіне жартылай қызмет кәрсетуге қабілетті, бірақ қосымша тұрмыстық және медициналық қызмет кәрсетуге мұқтаж тұлғаларға арналған бәлім;
- жүйелік тұрмыстық және медициналық қызмет кәрсетуге және тұрақты немесе жүйелі күтімге мұқтаж тәсек тартып жатқан науқастарға арналған бәлім;
- кресло-арбамен қозғалатын мүгедектерге арналған бәлім (егер олардың саны аз болса, онда тұрғын үй топтарын немесе әздігінен қозғалуға қабілетті тұлғаларға арналған бәлімшелер үй-жайларын қарастыруға жол беріледі).

Медициналық және әлеуметтік мекемелердің мүмкіндіктері бойынша қоса алғанда 50 орынға дейін болса, бұл тұрғын үй топтарын біріктіруге рұқсат етіледі.»;

5.4.2.6 Пәтер түріндегі мекендеу үй-жайларын бірнеше пәтерге есептелінген жеке тұрған ғимараттарға орналастыруға рұқсат етіледі. Интернат-үйлердің, қызмет кәрсету, қабылдау үй-жайларының ауқымдылығына тәуелсіз шаруашылық құрылыстары барлық мекемелер үшін жалпы болып қарастырылады.

5.4.2.7 Тұрғын бәлмелер әтпелі болмауы тиіс. Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлердегі бәлмеден дәлізге шығатын есіктерді шлюз (ауыз үй бәлме) арқылы қарастыру керек.

5.4.2.8 Тәсек тартып жатқан мүгедектер мен қарттарды үй-жайларға, әдеттегідей, оларды барынша тез кәшіруді қамтамасыз етуді ескере отырып орналастыру керек.

5.4.2.9 Мүгедектер мен қарттар келетін барлық үй-жайларды жобалауда және жабдықтауда арбалы мүгедектердің қолдану мүмкіндігін қарастыру керек.

5.4.2.10 Қабырғалар тегістігінен шығып тұрған элементтер (телефон кабиналары, ақпараттық кәрсеткіштер) жүру жолдарына кедергі келтірмеуі және мүгедектерге барынша ыңғайлы және қауіпсіз болуы тиіс.

5.4.2.11 Терезелердегі күннен қорғайтын құрылғылар үй-жайдың табиғи жарықтандыру жағдайын тәмендетпеуі және адамдарды ғимараттан эвакуациялауға кедергі келтірмеуі тиіс. Оларды жанбайтын материалдардан жасау керек.

5.4.2.12 мен 5.4.2.13-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

5.4.2.12 Нысандардың цоколь (жертәле) қабатында мынадай үй-жайларды орналастыруға жол беріледі: кір жуатын орын, қойма блогы, гардероб, қызметкерлер демалатын үй-жайлар, душ, дәретхана, сондай-ақ ҚР ҚН 3.02-07-2014 рұқсат етілген үй-жайлар.

Мүгедектер мен қарттарға арналған үй-интернаттардың цоколь қабатында тұрғындардың тұруына арналған үй-жайларды орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.4.2.13 Интернат-үйлерді жобалау барысында мынадай әкімшілік-тұрмыстық үй-жайларды қарастыру керек:

- қызметкерлерге арналған гардероб, санитарлық торап бар үй-жайлар;
- келушілерге арналған бәлме;
- инженерлік-техникалық қызметкерлер үй-жайы;
- қызметкерлер демалатын бәлме;
- директор бәлмесі;
- әлеуметтік жұмыс бойынша директор орынбасарының бәлмесі;
- шаруашылық бәлімі директоры орынбасарының бәлмесі (151 орыннан жоғары МӘМ-де);
- бухгалтерия бәлмесі;
- шаруашылық қоймалары;
- үй-жайлар тобы бар кір жуатын жуу орны.»;

5.4.2.14 Емдеу-еңбек үй-жайларын бірінші қабатқа немесе жылу әткелді негізгі ғимаратпен қосылған жеке корпусқа орналастыру керек. Тез тұтанғыш материалдары бар қойманы тұрғын бәлмелер мен палаталардың тікелей астына, сонымен қатар олардың жанына орналастырмау керек. Емдеу-еңбек үй-жайларының тобында жер теліміне шығатын жеке есікті қарастыру керек.

5.4.2.15 Қолдану режимі шуылмен қоса берілетін және тұрғындардың мазасын алатын, медициналық немесе әкімшілік персоналдың жұмысына кедергі келтіретін немесе бұзатын (сорғы қондырғылары бар бойлер, әндірістік үй-жайлар, жәндеу шеберханалары, сорғы бәлімі бар салқындату камералары, желдету камералары, компрессор, оқу-әндірістік шеберханалар және басқалары) үй-жайларды жапсарлас, жатын бәлмелердің, оқыту бәлмелерінің, емдеу-диагностикалық үй-жайлардың үстіне және астына орналастыруға жол берілмейді.

5.4.2.16 Тұрғын үй топтарындағы санитарлық тораптарды дәліз жүйесінде әрбір жатын бәлмесінде қарастыру керек.

5.4.2.17 Интернат-үйлердің барлық түрлеріндегі ас әзірлейтін бәлімнің әндірістік үй-жайларын мүгедектер мен қарттарды тамақтандырудан басқа шикізатпен жұмыс істеуге есептеу керек, ас әзірлейтін үй-жайлар қызметкерлерді тамақтандыруды қамтамасыз етуі тиіс. Интернат-үйлердің барлық түрлері үшін мүгедектер мен қарттарды тамақтандыру бір ауысымға ұйымдастырылады.

5.4.2.18 Қызметкерлерді тамақтандыру үшін жеке тамақ ішетін залды қарастыру керек.

5.4.2.19 Тамақ ішетін залдарды ыдыстарға арналған жуғыштарды, оны сақтауға арналған шкафтарды орнату арқылы қабат бойынша жобалауға жол беріледі. Ғимараттың биіктігі екі және одан жоғары болғанда, тамақ ішетін залды бірінші қабатқа жобалаған жағдайда, тамаққа арналған лифттерді орнатуға жол беріледі.

5.4.2.20 Мәдени-бос уақытты әткізу және дене шынықтыру-сауықтыру мақсаттағы үй-жайлар тобына мыналар кіру керек: фойесі бар кәрермендер залы, клуб үй-жайлары (құрамында кітапхана-оқу залы, интернет-клуб және үйірме сабақтарына арналған бәлмелер), қосалқы үй-жайлары бар дене шынықтыру-сауықтыру үй-жайлары жатады.

5.4.2.21 Эстрада алдына немесе залдың аяғына кресло-арбадағы мүгедектерді орналастыруға арналған алаңдар қарастырылуы қажет.

5.4.2.22 Кинофильмдер кәрсетуге арналған кәрермен залдары ҚР ҚН 3.02-20

талаптарына сәйкес жобалануы тиіс.

5.4.2.23 Кәрермендер залдарын оларға стационарлық отырғыштары бар жартылай жұмсақ немесе қатты креслолар орнатуды ескере отырып жобалау керек. Кресло еденге бекітілуі тиіс.

5.4.2.24 Кинофильмдер кәрсетуге арналған залдарды мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үй ғимараттарының жертәле қабаттарына орналастыруға жол берілмейді.

5.4.2.25 Дәліздер мен әткелдер ені кресло-арбаны қолданатын мүгедектердің еркін қозғалуы үшін жеткілікті болуы тиіс.

5.4.2.26 Дәліздер мен әткелдердің енін белгілеген кезде мүгедектердің қозғалуы үшін бос аймақтың енін ғана емес, сонымен бірге есіктердің ашылу бағыттарын да ескеру керек.

5.4.2.27 Үй-жайлардың барлық топтарын бір-біріне тікелей жапсарлас немесе әзара жылыту әткелдерімен байланысқан бір немесе бірнеше корпустарға (блоктарға) орналастыру керек. Бұл жағдайда шаруашылық үй-жайларды (кір жуатын орын, дезинфекциялық камера, гараж, керек-жарақ және жабдықтар қоймалары және басқалар) әдеттегідей жеке шаруашылық корпусына (корпустарына) орналастырады. Гаражды тұрғын үй корпусына орналастыруға болмайды.

5.4.2.28 Мүгедектер мен қарттардың бағыттан адасуын болдырмау мақсатында қабырғаға жабындарды жағу кезінде беттерде қоңыр түске түскен ақ дақтан, ашық дақтардан, суреттерден, оюлардан (бағдарлық белгілерден басқа) аулақ болу керек.

5.4.3 Коммуникациялық жолдарға қойылатын талаптар

5.4.3.1 Кіретін есіктер, қызмет кәрсету және демалу орындары және шығатын есіктер арасында үздіксіз байланысты қамтамасыз ететін коммуникациялық жолдар мен кеңістіктер:

- мүгедектер мен қарттардың әртүрлі санаттары үшін қолжетімді;
- қозғалу процесінде қимылдау және демалу үшін қауіпсіз;
- қозғалуға, әз уақытында ақпаратты алуға, бағыттас демалысты немесе күтуді жеңілдету үшін жабдықталуы;
- мүмкіндігінше қысқа, геометриялық қарапайым болуы тиіс.

5.4.3.2 Коммуникациялық жолдарға және кеңістіктерге келесілер жатады:

- кіретін және шығатын есіктер;
- вестибюль топтары;
- қозғалыс жолдарына арналған аймақтар мен үй-жайлар;
- қозғалыс жолдары бар функционалдық және рекреациялық аймақтар;
- алдында үй-жайлар мен алаңдар бар тік қозғалыс құралдары;
- бұрылу және айналу алаңдары бар баспалдақтар мен пандустар.

5.4.3.3 Коммуникациялық жолдарды жалпы кеңістіктегі, оның ішінде пассаждардағы, атриумдардағы қызмет кәрсету және демалу аймақтарымен біріктіруге жол беріледі.

5.4.3.4 Мүгедектер мен қарттардың бағдарларын жеңілдетуге арналған қабаттағы лифт холлдарында әрбір қабатта әртүрлі сәндік, кеңістікті немесе түстік интерьер шешімдері болуы тиіс.

5.4.3.5 Мүгедектер пайдалана алатын ғимараттардағы барлық үй-жайларда пандус немесе мүгедекті ғимараттағы кіретін есік деңгейіне (лифт холы немесе бірінші қабат) көтеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа құрылғымен жабдықталуы тиіс.

5.4.3.6 Баспалдақтар сатыларын жобалаған кезде онда саңылау, сырғанақ болмауы, тегіс болуы тиіс және мүгедектер, оның ішінде тірек-қимыл аппаратының бұзушылығы бар адамдарға барынша қауіпсіз болуы үшін тұтқалармен жабдықталуы керек.

5.4.3.7 Кәзінің кәруі бойынша мүгедектер жүретін жолдардағы баспалдақ маршындағы сатылар саны бірдей болуы тиіс.

5.4.3.8 Кәру қызметінің бұзушылығы бар мүгедектер үшін баспалдақ марштарының тәңірегі, сондай-ақ тұтқалар тәңірегі кәрініп тұруы тиіс. Баспалдақтарға кәмескі жарықты пайдалануға болады.

5.4.3.9 Баспалдақ маршының астына ескерту кедергілерін орнату керек.

5.4.3.10 Дәліздер мен әткелдер ені кресло-арбаны қолданатын мүгедектердің еркін қозғалуы үшін жеткілікті болуы тиіс.

5.4.3.11 Дәліздер мен әткелдер енін белгілеген кезде мүгедектердің қозғалуы үшін тек бос аймақтың енін ғана емес, сонымен бірге есіктердің ашылу бағытын да ескеру қажет.

5.4.4 Кіреберіс топтарға қойылатын талаптар

5.4.4.1 Ғимаратқа кіретін есіктер алдындағы алаңдарда қатты жабын болуы және егер климаттық шарттармен талап етілсе, жылытумен жабдықталуы тиіс. Ғимаратқа және құрылысқа кіретін есіктер алдындағы алаңдар, сонымен қатар пандустар, баспалдақтар және мүгедектерге арналған көтеру құрылғылары атмосфералық жауын-шашыннан қорғалуы тиіс.

5.4.4.2 Ғимаратқа және құрылысқа кіретін есіктердегі тамбурлардың ең төменгі ауданы кресло-арбадағы мүгедектің кедергісіз әту және бұрылу мүмкіндігіне сәйкес орнатылуы тиіс. Тамбур габариттері есіктердің орналасуына және олардың ашылу бағыттарына байланысты.

5.4.4.3 Тербелмелі ілгектердегі есіктерді және «айналмалы» есіктерді қолдануға жол берілмейді.

5.4.4.4 Есіктің түсі қабырға түсінен айрықша болуы тиіс.

5.4.4.5 Әйнектелген есіктердің екі жағында қорғаныс торлары қарастырылуы тиіс.

5.4.4.6 Кәру қабілеті нашар мүгедектер үшін есіктер кәзбен кәретіндей, түйсінуді және есіктердің орнын, ашылу бағытын, есік сыртындағы үй-жайдың мақсатын білдіретін дыбыстық ақпарат жүйесімен жабдықталуы тиіс.

5.4.4.7 Инвентарлық (жылжымалы, жиналатын-бәлшектенетін және қайырмалы) пандустар стационарлық пандустарға қойылатын талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

5.4.4.8 Пандус бағытын әзгерткен кезде кәлденең алаңның ені кресло-арбаның айналу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.4.9 Пандус болмаған жағдайда, кіретін есік алдындағы кіреберіс баспалдағы тік немесе кәлбеу қозғалыс (баспалдақ белдеуін бойлай) траекториясымен платформа түрінде көтергішпен қайталануы тиіс.

5.4.4.10 Үй-жайдың вестибюльдік тобын мүгедектер мен қарттарға қолжетімді болуы үшін ғимараттың кіреберісіне орналастыру керек.

5.4.4.11 Вестибюльді жоспарлау кресло-арбамен қозғалатындарды қосқанда

мүгедектер мен қарттардың барлық негізгі аймақтарға, жабдыққа және ақпаратқа қол жетімділігі үшін қолайлы болуы тиіс.

5.4.4.12 Вестибюльге ғимарат, құрылыс немесе кешен бойынша қозғалыс жолдарын жоспарлау туралы, үй-интернаттарда тұрып жатқандар үшін қолжетімді қызмет кәрсету және демалу орындарын орналастыру туралы (оның ішінде кәру қабілеті толықтай немесе жартылай бұзылған адамдар үшін бедерлі-графикалық және аудиопішімді) ақпаратты орналастыру керек.

5.4.4.13-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы

17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

5.4.4.13 Вестибюль жанында аспаптармен жабдықталған мүгедектер мен қарттарға арналған ең кемінде бір арнайы дәретхана немесе қоғамдық дәретханада арнайы кабиналармен (ерлер және әйелдерге бір-бірден) қарастырылуы тиіс. Интернат үйлердің сыйымдылығы қоса алғанда 50 орынға дейін болса, әр қабатта кем дегенде бірден кем емес келтірілген дәретханаларды (кабиналар) орналастыруға болады.

5.4.4.14 Вестибюльде телефон-автомат қарастырылуы тиіс.

5.4.5 Лифтілерді және көтергіштерді орнатуға қойылатын талаптар

5.4.5.1 Қабаттық интернат-үйлерде лифтілер қарастырылуы тиіс.

5.4.5.2 Лифт есіктерінің және кәтергіш платформасына кіретін жолдар алдында кресло-арбамен қозғалу үшін жеткілікті бос аймақтарды қарастыру керек.

5.4.5.3 Пандустарды орнату мүмкін емес деңгейлер айырмасындағы орындарда (әдетте кемінде бір қабат) кресло-арбалардағы мүгедектер әз бетімен қолданылуы үшін ыңғайланған арнайы кәтергіштерді қарастыру керек.

5.4.5.4 Кресло-арбалардағы мүгедектерге арналған кәтергіш платформаларды қолданған кезде осы құрылғының ұзындығы бойынша габаритінде кеңістікті және бірге алып жүретін адамды да ескеру керек.

Мүгедектерге арналған кәтергіш платформаларды баспалдақтармен және пандустармен қозғалысты жауып тастамайтындай етіп орналастыру ұсынылады.

5.4.5.5 Лифтілер кабиналардан және барлық қабаттардан дербес басқарылуы тиіс. Басқару батырмаларын ірі, бедерлі сандармен жасау керек және кресло-арбадағы мүгедек үшін қолжетімді биіктікте орналастыру керек.

5.4.5.6 Лифт орнын белгілеу тиісінше қабат нәмірін және дыбыс сигналын бір уақытта қосу арқылы тоқтату және қозғалыс кезінде кәзбен кәретіндей және дыбыстық болуы тиіс.

Кабинаның орналасқан орнын кәзбен кәретіндей кәрсеткіш басқару панелінің үстінде немесе есік үстінде орнатылуы тиіс.

5.4.5.7 Қабат нәмірлерін автоматты сәздік хабарлау дыбыс сигналдарымен ауыстырылуы мүмкін.

Қозғалысты бастар алдында лифт қозғалысының бағыты туралы шартты сигналдар беріледі (мысалы, бір сигнал – жоғары, екі сигнал – тәмен).

5.4.5.8 Барлық бақылау кнопкаларында Брайль белгісі болуы тиіс. Символдар, әріптер, цифрлар панель бетінен шығыңқы болуы және стандарттарға (араб цифрлары, кириллицадағы «гельветика» қарпі) жауап беретін суреттер болуы тиіс. Барлық кедір-

бұдыр шығыңқы белгілер оларға жататын кнопкалардың сол жағында болуы тиіс, қабаттың кнопкаларында әрбір шақыруды тіркейтін және шақырудың қабылданғаны кіретін кәрнекі индикаторлар болуы тиіс.

5.4.5.9 Жедел шақыру кнопкасы немесе қауіпсіздік кнопкасы (дабыл сигналы мен жоспарланбаған аялдама) топтастырылуы және кресло-арбадағы мүгедектерге барынша қолжетімді аймаққа орналастырылуы тиіс. Кнопкаларды пайдаланғанда олар барынша жеңіл болуы және оларды басуға аз күш жұмсалуы тиіс.

5.4.6 Ақпарат және мүгедектерді бағдарлау құралдары

5.4.6.1 Интернат-үйлер ғимараттарын жобалаған кезде мүгедектер мен қарттардың сәулет ортасында бағдарлауды жеңілдетуге арналған ақпараттық құрылғылар, құралдар және олардың ғимараттағы жүйелерін орнатуды ескеру қажет.

5.4.6.2 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер үй-жайы есту мен сәйлеу қызметінің бұзушылығы бар мүгедектер қосымша қарым-қатынас жасамай-ақ хабардар болуы үшін бірізді және толық (кіргеннен бастап жеке жайларға дейін) кәрнекі ақпараттармен жабдықталуы тиіс. Әрбір бәлме мен жай нақты кәрсетілуі, белгілер ірі және жақсы жарықтандырылуы тиіс.

5.4.6.3 Кәзге кәрінетін ақпаратты жасау үшін жалпы қолданылатын символдарды және пиктограммаларды қолдану ұсынылады. Шрифт және символдар мен кәрсеткіштерді сызу қолданыстағы стандарттарға сәйкес орындалуы тиіс.

5.4.6.4 Телемониторлар және проекторлар экрандарын қажетті кескін кереғарлығын қамтамасыз ету үшін қараңғы орындарға орнату керек. Экрандарды терезе ойықтары жағына орналастырмау керек.

5.4.6.5 Ақпаратты кескіндеудің кәзге кәрінетін құралдарының түсті графикалық шешімі ғимараттың, құрылыстың жалпы ішкі кәрінісіне сәйкес келуі және ақпаратты берудің анықтылығы және айқындығы қамтамасыз етілуі тиіс.

5.4.6.6 Кәгалдандырудың шағын үлгілері фонға қатысты кереғар түстерді және реңдерді қолдануды ұсынады. Тіректерді, тұтқыштарды, тіреулерді және басқа тірек құрылғыларын түс және рең фонына қатысты кереғар түстерге бояу қажет.

5.4.6.7 Ғимараттар мен құрылыстарда дыбыс бағыттайтындардан басқа есту қызметінің бұзушылығы бар адамдарға арналған кәзбен кәретіндей құрылғылар қажет.

5.4.6.8 Жүретін жолдарды кәрсететін белгілер және шектеу белгілері нақты кәрсетілуі және нашар кәретін адамдарға барынша айырмашылықты болуы тиіс.

Сондай-ақ еден мен қабырғалардағы қауіптер (мысалы, есіктің бір бәлігін ашу) графикалық бәлінуі керек.

5.4.6.9 Тұрақты жарығы бар маяктарды қолдануға жол беріледі. Маяктардың түсі қауіпсіз жүру жолдары, жоғары назар салу аймақтары, қауіпті немесе шектеулі қолжетімдіктегі аймақтар үшін айырмашылықты болуы тиіс.

5.4.6.10 Ғимараттың кәлемдік-жоспарлық құрылымы жарықтандырылуы, түзу сызықты қозғалыс және кәру қабілеті нашар адамдар үшін эвакуация жолдарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Жүру жолдарында жақсы айрықшаланатын таңбалау немесе қоршау қарастырылуы керек.

5.4.6.11 Кәзі нашар мүгедектерге арналған санторапқа кіретін есіктерді бедерлі және барлық объекті үшін бір типті түсті айыратын белгілермен жабдықтау керек.

5.4.6.12 Дыбыс шығу деңгейі, тазалығы, дабыл дыбысының шығу арасымен ұзақтығы және т. б. қолданылатын дыбыс шығаратын техника әрекеттегі нормативті құжаттар талаптарына сәйкес келуі және автоматтандырылған режимде әуен, шуыл және сәйлеу хабарламаларын шығаруы тиіс.

5.4.6.13 Интернат-үйлердің мәдени-қоғамдық үй-жайларында индукциялық контур немесе инфрақызыл сәуле негізінде жұмыс істейтін акустикалық құрылғыларымен байланысты кәрермен орындарын қарастыру керек.

5.4.6.14 Мүгедектер үшін қолжетімді жалпы қолданылатын телефон байланыс құралдары (ТБҚ) дауыс қаттылығын реттеуіштермен жабдықталуы және осы ерекшеліктері белгіленуі керек.

5.4.6.15 Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлердің ғимараттарын жобалау кезінде реверберацияның аз уақыты кезінде нашар еститіндер үшін сөз түсініксіз болуы мүмкін, ал ұзақ болған кезде (зал үй-жайларында) фонды шу және жаңғырық сөздің қабылдануына кедергі келтіреді және есту қабілеті бұзылған адамдарға жағымсыз әсер етуі мүмкін екендігін ескеру қажет.

5.4.6.16 Дыбыс ақпараты қарастырылған үй-жайларда ақпаратты дисплейлерде және таблода жазулармен қайталау керек. Әрт дабыл жүйелерінде дыбыс дабылымен қатар жарық дабылы болуы керек.

5.4.6.17 Еден жабындарының тактильді беттері оларды жылдам тануды, сонымен қатар жинауды (тазалауды) қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.6.18 Тактильдік ақпараттандырушы беттер қол үшін, ал еден жазықтығына орналасқан беттер мүгедектерді оңалту құралдары үшін қауіпсіз болуы тиіс.

5.4.6.19 Есіктер тұтқалары, басқару тетіктері, ажыратқыштар, датчиктер, кнопкалар, инженерлік қондырғылар клавишалары оларды сипап қарағанда жеңіл айыруға мүмкіндік беретін әртүрлі пластикалық нысандар мен фактуралардан жасалуы тиіс.

5.4.7 Қосымша талаптар

5.4.7.1 Мүгедектерге қолайлылық үшін үй-жай мүгедек креслодан велоарбаға (электр арбаға) және керісінше отыра алатындай арнайы креслолармен қосымша жабдықталады.

5.4.7.2 Есту қабілеті бұзылған тұлғалар үшін қызмет кәрсету, демалу, күту орындарында дыбыс күшейткіш және дыбыс шығаруға арналған жеке кіріктірілген құрылғыларды штаттық құрамға қосымша жасау қажет.

5.4.7.3-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

5.4.7.3 Есту қабілеті бұзылған мүгедектерге қызмет кәрсету үй-жайларында жарықтандырғышпен жабдықталған ыммен білдіретін мамандарға арналған посттарды қарастыру керек.

5.4.7.4 Эвакуация жолдарын табиғи жарықтандыруды жоспарлау кезінде ҚР ҚН 2.04-01 талаптарын басшылыққа алу керек.

5.4.7.5 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлер ғимараттарында қоқыстан тазалау және шаң жинау жүйелерін, қоқысты уақытша сақтау (санитарлық

нормалар шегінде) және оны шығару мүмкіндігін қарастыру керек. Жобаларда қоқыстан және шаңнан тазарту, оның ішінде вакуумды шаңнан тазарту жағдайларын жеңілдететін заманауи жабдықтар қарастырылуы керек.

Ғимараттан қоқыс шығару құралдары елді мекендерді тазалау жүйесімен келісілуі тиіс.

5.4.7.6 Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлердің үй-жайларын жобалаған кезде қосымша тіректерді қолданылатын мүгедек «тұрған» және «отырған» күйінде дені сау адамның сырт келбетімен салыстырғанда үлкен ауданды алатындығын ескеру қажет.

5.4.7.7 Жобалаған кезде кәру қабілеті нашар және есту қабілеті нашар тұлғалардың сырт келбетін басшылыққа ала отырып, олардың ғимараттарда қабырғаларды, жиһаздар мен жабдықтарды бойлай сипалап қозғалатынын, сонымен қатар тұтқыштардың және қоршау борттардың кәмегімен бағдар ұстайтындығын ескеру кажет.

5.4.7.8 Лоджияны жобалаған кезде кресло-арбаны бұрған кездегі ең төменгі ен екерілуі тиіс.

5.4.8 Санитарлық-гигиеналық үй-жайлар

5.4.8.1 Дәретхана үй-жайларын мүгедек арбасының қозғалысын ескере отырып және тұтқыштар мен ұстауыштар мүмкіндіктерін есепке алу арқылы жобалау керек.

5.4.8.2 Дәретхана үй-жайларын қол жуғыш және дәретке отыру аймақтарынан тұратын тұтас үй-жай ретінде жобалау керек.

5.4.8.3 Үй-интернаттардағы дәретхана үй-жайлары келушілер мәлшеріне байланысты әр қабатта болуы тиіс. Бұл жағдайда кресло-арбаны немесе басқа құралдарды қолданатын адамдар үшін кабиналар қарастырылуы тиіс.

5.4.8.4 Қозғалуы кезінде балдақтарды немесе басқа аспаптарды қолданатын мүгедектер үшін санторaптарды бүйір жақтарында орналасқан тұтқыштармен, сонымен қатар киімдерге, балдақтарға және басқа керек-жарақтарға арналған ілмектермен жабдықтау керек.

5.4.8.5 Кәру қабілеті нашар мүгедектерге арналған дәретхана үй-жайларына кіретін есіктерді барлық объект үшін бір типті бедерлі және түсті айыратын белгілермен жабдықтау керек. Ерлер мен әйелдер дәретханаларын аралас орналастыруға болмайды.

5.4.8.6 Санитарлық тораптардың барлық үй-жайларында еденде суды құюға арналған торап болуы керек.

5.4.8.7 Ванна бәлмелері, душ кабиналары кресло-арбамен маневр жасау үшін еркін кеңістікті ескере отырып жобалануы және тірек тұтқаларымен және ұстағыштармен жабдықталуы тиіс.

5.4.8.8 Ыстық және суық суға арналған бәлек шүмектер ашық таңбаланады.

5.4.8.9 Қол жуатын, дәретхана, жапсарлас санитарлық тораптарда сүлгі кептіргіштерді қарастыру керек.

5.5 Инженерлік қамтамасыз ету

5.5.1 Сумен жабдықтау және канализация

5.5.1.1 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үй ғимараттары суық және ыстық сумен жабдықтау және канализация жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

Орталықтандырылған немесе жергілікті желілеріне қосылу қиындатылған немесе мүмкін болмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтерінің келісімі бойынша сумен жабдықтау және канализация автономды жүйелерін қолдануға жол беріледі.

5.5.1.2 Сумен жабдықтау және канализация жүйелерін жобалаған кезде ҚР ҚН 4.01-01 талаптары, сонымен қатар суық және ыстық сумен жабдықтау және канализацияның ішкі желілерін, сумен жабдықтау және канализацияның сыртқы жүйелерін және құрылыстарды жобалау бойынша Қазақстан Республикасы аумағындағы әрекеттегі қалған нормативтік құжаттары, сонымен қатар нұсқаулары орындалады.

5.5.1.3-тармақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы

17 қазандағы № 224-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертілді.

5.5.1.3 Суық және ыстық суды сантехникалық (технологиялықтан басқа) аспаптарға беруді автоматты су жіберу арқылы қарастыру керек.

5.5.1.4 Егер адам қолжуғыштарға сүйенбей тұра алмайтын болса, қолжуғыштар қабырғаларға сенімді бекітілуі тиіс.

5.5.1.5 Ыстық су құбыры қорғалуы тиіс, яғни сезімталдығы әлсіз мүгедектердің аяқ-қолдары айтарлықтай күйік алуы мүмкін.

5.5.1.6 Ақыл-ой аппаратының зақымданушылығы бар психохрониктер үшін қолжуғыштарға термостатикалық араластырғыштар орнатуға жол беріледі.

5.5.1.7 Ақыл-ой аппаратының жеңіл зақымданушылығы бар психохрониктер үшін қолжуғыш пен дәретхана жайларындағы, сондай-ақ қызмет кәрсетуші қызметкерлер тарапынан қадағалаусыз болатын жайлардағы құбырлар мен тиек арматурасы олар үшін қолжетімсіз қарастырылады; араластырғыштарды орнату орны технологиялық жобалау талаптарымен шешіледі.

5.5.1.8 Сыртқы әрт сәндіруге кететін су шығындарының нормасы сумен жабдықтау бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

5.5.2 Жылумен жабдықтау, жылыту және желдету жүйелері мен құрылғылары

5.5.2.1 Резервті қазандықтың жылу қуаты жатын және емдеу үй-жайларын жылумен жабдықтауға кететін жүктемелерді жабу есебімен анықталады, ал қалған үй-жайлар үшін тек кезекші жылытуға жұмсалатын жылу шығыны қарастырылады.

5.5.2.2 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлерді жылумен жабдықтау сенімділігі бойынша бірінші дәрежеге жатқызылуы керек.

5.5.2.3 Интернат-үйлерді шет ұйымға тиесілі қазандықтан жылытумен жабдықтау кезінде резервтік құбырларды тәсеу қарастырылады.

5.5.2.4 Жылудың қолданыстағы кәздері болмаған жағдайда, жеке қазандық тұрғызу қарастырылады.

5.5.2.5 Су жылытатын қазандары бар резервтік қазандықтарда ыстық сумен жабдықтау бак-аккумуляторлары қарастырылмайды.

5.5.2.6 Газбен жұмыс істейтін қазандықтар үшін резервтік отын қоймасының кәлемі қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталады.

5.5.2.7 Жылумен жабдықтаудың транзиттік құбырларын үй-интернат ғимараттарының жертәлесімен және техникалық еден астымен жүргізуге жол берілмейді.

5.5.2.8 Жер асты суларының жоғары деңгейлі тұратын жер телімдерінде орналасқан интернат-үйлер үшін жылу желілерін тарту төменгі тіректерде, ал әтетін жолдар мен әткелдерде жоғары тіректерде ауамен орындалады.

5.5.2.9 Қыздырылған су мен бу құбырларын жеке жылу пунктінен тартып желдету камераларына дейін адамдар тұрақты келетін үй-жайлар және эвакуация жолдарымен тартуға тыйым салынады.

5.5.2.10 Үй-жайдағы ауаның температурасы мен ылғалдылығына қойылатын талаптар ҚР ҚН 4.02-01 сәйкес қабылданады.

5.5.2.11 Дәлелдеу кезінде ішкі қоршаулардағы жетпеген қыздыру бетін орналастыруға жол беріледі.

5.5.2.12 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үй ғимараттарында әдеттегідей механикалық себеппен тартып-сору желдеткіші қарастырылады.

5.5.2.13 Тұрғын үй бәлмелерінен ауаны осы бәлмелерге жапсарлас санитарлық тораптардың сору арналары арқылы шығару керек. Санитарлық торапты тұрғын бәлмелер тобына орналастыру кезінде әрбір тұрғын бәлмеде сору арналарын жобалау керек.

5.5.2.14 Жеке тұрған аз қабатты ғимараттар үшін табиғи сору желдеткішіне жол беріледі. Бұл жағдайда тарту желдеткіші механикалық себеппен және дәлізге ауа беру арқылы қарастырылады.

5.5.2.15 Дезинфекциялық құралдарды, қышқылдар мен сілтілердің ағымдағы қорын сақтау үй-жайларында, жатын үй-жайларда және кәру залдарында тарту ауасын орталықтандырмай берудің (жеке-тұрған аз қабатты ғимараттар үшін) табиғи сору желдеткішіне жол беріледі.

5.5.2.16 Сыртқы ауаның жоғары есептік температурасы бар аудандарда ауа қозғалысының жылдамдығын арттыруға арналған тәбе желдеткіштерін орнатуды қарастыру керек.

5.5.2.17 Сору желдеткішін қайта орталықтандыру кезінде қосалқы үй-жайларды желдету жүйелеріне арналған жабдықпен бірге «В» дәрежелі процестері бар қызмет кәрсетілетін үй-жайлар жүйелерінің жабдықтарын орналастыруды қарастыруға жол беріледі.

5.5.2.18 Мүгедектер мен қарттарға арналған үй-интернаттардың басқа үй-жайлары үшін салыстырмалы ауа ылғалдылығы ҚР ҚН 4.02-01 сәйкес қабылданады.

5.5.2.19 Тартып-сору желдеткішінің жабдығы, ауаны беру және шығару құрылғылары, ауа жинау шахталары және арналары тексеру, тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді болуы тиіс.

5.5.2.20 Сору желдеткішінің ауа әткізгіш жүйесі болаттан жасалуы тиіс. Құрылыс конструкцияларында ауа әткізгіштер қолданылмайды.

5.5.2.21 Өте қатты қыста ғимараттарды жылыту үшін тұрғын үй-жайлардың, сондай-ақ қоғамдық, әкімшілік жайларға адамдар тұрақты келіп-кететін үй-жайлардың салқын едендерінің астында орналасқан едендер беттерін жылыту қарастырылады.

5.5.2.22 Қысы әте қатты аудандардағы ғимараттар үшін оның қатуын болдырмайтын (ашық жылыту жүйелерін қоспағанда) қоспа қосылған суды қолдануға жол беріледі.

5.5.3 Электрмен жабдықтау жүйелері мен құрылғылары

5.5.3.1 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үйлерді электрмен жабдықтау және ішкі электр жабдық жүйелерін жобалау барысында Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын және осы бәлім нұсқауларына сәйкес нормативтік құжат талаптары орындалады.

5.5.3.2 Электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету деңгейі бойынша интернат-үйлердің электр қабылдағыштары Электр қондырғыларын орнату ережесіне сәйкес анықталуы тиіс.

5.5.3.3 Кіріктірме және жапсарлас трансформаторлық шағын станцияларды интернат-үйлерде орналастыруға жол берілмейді.

5.5.3.4 Интернат-үйлерде телефон байланысы, интернет, сымды хабар тарату және теледидар, газ, түтіндену және су басу және т. б. сигнал құрылғысы кіретін электр жабдықты, электр жарықтандыру, кешенді электр әлсіз токты желіні қарастыру керек.

5.5.3.5 Интернат-үй үй-жайларын жалпы жарықтандыру энергия үнемдеу шамдарымен орындалады.

Энергия үнемдеу шамдары қосалқы үй-жайларды (қоймаларды, лифтілердің машина бәліктерін, электр қалқандарды, желдеткіш камераларын, техникалық үй асты қоймалары және т. б.) жарықтандыру үшін қарастырылады.

5.5.3.6 Жалпы жарықтандыру жүйесі кезінде жұмыс беттерін барынша аз жарықтандыру, жарықтандырудың сапалы кәрсеткіштері және жекелеген үй-жайларға ұсынылатын жарық кәздері ҚР ҚН 2.04-01 сәйкес қабылданады.

5.5.3.7 Дәліздер мен тұрғын үй жайларына сәндіргіштерді орнатуды мүгедектерге, оның ішінде тәсек тартып жатқандарға қолжетімді болуды ескере отырып жүргізу керек.

5.5.3.8 Шамдар мен жарықтандыру аспаптары жақсы бекітілуі және мүгедектер пайдаланған кезде барынша жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.3.9 Эвакуациялық жарықтандыру дәліздерде, негізгі әткелдерде және адамдарды эвакуациялау үшін қызмет ететін баспалдақтарда; электр жарығымен емдеу үй-жайларында, бассейндерде, балшықпен емдеу, душ және ванна залдарында, ванна бәлмелерінде және реабилитациялық емдеудің шешіну бәлімдерінде, санитарлық тораптарда, тамақ ішетін залдарда, сонымен қатар кәру залдарында қарастырылады.

5.5.3.10 Найзағайдан қорғау қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орындалады.

5.5.3.11 Ғимараттың тұйық кеңістіктері (әртүрлі функционалдық мақсаттағы үй-жайлар, дәретхана кабиналары, лифтілер және т. б.), сонымен қатар адамдар, оның ішінде есту қабілеті нашар адамдар жалғыз қалуы мүмкін лифт холдары диспетчермен немесе кезекшімен екі жақты байланыспен жабдықталуы тиіс. Басқа жағдайларда шақыру батырмасын қарастыру керек. Осындай үй-жайларда (дәретхана кабиналары, лифтілер және т. б.) апатты жарықтандыру қарастырылуы тиіс.

5.5.3.12 Ақпараттық қызметтер, сауда киоскілері, кафе тіректері және т. б. аймақтарындағы жарықтандыру ерін бойынша оқу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.3.13 Сымдар мен электр желілерін қорғау қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

5.5.3.14 Электр сымдар үшін болат құбырларды пайдалануға нормативтік құжаттамада қарастырылған ерекше жағдайда жол беріледі.

5.5.4 Байланыс пен сигнализация құрылғысы

5.5.4.1 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үй ғимараттары байланысты, теледидарлық және сымды хабар тарату, интернетті ұйымдастыру үшін желілермен және құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

5.5.4.2 Мүгедектерге арналған бәлмелерде тасымалды телефон аппараттарына арналған штепсель ағытпалар қарастырылады.

5.5.4.3 Тікелей жедел дауыс зорайтқыш байланыс кезекші дәрігерлердің, кезекші қызметкердің бәлмесінде, қабылдауды күтушілерге арналған үй-жайлардағы ем қабылдау бәлмесінде қарастырылады.

5.5.4.4 Жатын бәлмелерде мүгедектің немесе қарттың әрбір кереуетінің басында кезекші медициналық қызметкерді шақыруды қамтамасыз ететін екі жақты сигналдық-сәйлесу құрылғысы қарастырылады.

5.5.4.5 Интернат-үйлерде қалалық радиохабар таратудың таратқыш желісі қарастырылады.

5.5.4.6 Сымды хабар тарату желісінің розеткалары мүгедектер қолдана алатындай әрбір төсек басында қарастырылады.

5.5.4.7 Интернат-үйлерде, кәру залдарында дыбыс күшейткіш қарастырылады.

5.5.4.8 Тұру сыйымдылығы үлкен интернат-үйлерде ішкі радиохабарлау жүйесі қарастырылады.

5.5.4.9 Қызметкерлерге әрт туралы хабарландыру қарастырылады.

5.5.4.10 Интернат-үйлер уақыт аспаптарымен, ішкі сағатты белгілеу жүйелерімен жабдықталады.

5.5.4.11 Уақытты есептеудің орталықтандырылған жүйесі қарастырылады. Қайталама сағаттар кезекші қызметкер жайларында, вестибюльдерде, дәліздерде және уақытты кәрсету функционалдық қажет болып табылатын үй-жайларда орнатылады.

5.5.4.12 Интернат-үйлерде эфирлік теледидар бағдарламаларын қабылдауға арналған теледидар қабылдағыштарын қосу үшін антенна-фидерлік құрылғылар қарастырылады. Кәрсетілген құрылғылар: жатын үй-жайларында, негізгі вестибюльдерде, мекеме басшыларының бәлмелерінде және оқу дәрісханаларында қарастырылады.

5.5.4.13 Кабельдік телевизиялық жүйе, спутниктік телевидение тартуға жол беріледі.

5.5.4.14 Интернат-үйлердің инженерлік-техникалық жүйелерін автоматтандыру және диспетчерлеуді жобалау барысында Қазақстан Республикасы аумағындағы қолданыстағы Электр қондырғыларды орнату ережелерін, автоматтандыру жүйелерін жобалау жәніндегі нормативтік құжаттарды, технологиялық процестерді, ғимараттар мен құрылыстарды жобалаудың әртке қарсы нормаларын, инженерлік-техникалық жүйелерді жобалау жәніндегі нормативтік құжаттарды және осы нормаларды басшылыққа алу керек.

5.5.4.15 Интернат-үйлердегі автоматтандыру және диспетчерлеуге келесідей инженерлік жүйелерге мынадай артықшылық беріледі:

- жылумен жабдықтау, жылу беру, желдету, ауа баптау;
- электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру;
- сумен жабдықтау;
- лифт.

5.5.4.16 Әрттің туындағаны туралы автоматты хабарлау жүйелерімен жабдықталған

интернат-үйлерде әрт туындағанда және түтінді кетіру жүйелері қосылған кезде тарту- сору желдеткішінің сәну жүйесін автоматтандыруды қарастыру керек.

5.5.4.17 Интернат-үйлерде инженерлік-техникалық жүйелердің қалыпты жұмыс режимінен ауытқуының, егер осындай ауытқулар адам әмірі үшін қауіптілікті, жабдықтың, ғимараттың, құрылыстың немесе басқа материалдық құндылықтардың бүлінуіне қауіп тудырса, апаттық сигнал қарастырылады.

5.6 Қоршаған ортаны қорғау

5.6.1 Интернат-үй жер телімін және аумақтарын жобалау мен ұйымдастыру кезінде қоршаған ортаға, микроклиматқа кез келген кері әсерді барынша азайту, энергияны және ресурстарды тиімді пайдалану арқылы ландшафтты және биологиялық әртүрлілікті дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету керек.

5.6.2 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернат-үй ғимараттарын және құрылыстарын жобалау, тұрғызу, реконструкциялау кезінде қоршаған ортаны қорғау, табиғат ортасын қалпына келтіру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қарастырылуы тиіс.

5.6.3 Интернат ғимараттарын, құрылыстарын мынадай орындарға орналастыруға жол берілмейді:

- қорыққа, кіші қорықтарға, табиғи ұлттық парктерге, ботаникалық бақтарға, дендрологиялық парктер мен су қорғау жолақтарының (аймақтар) жерлеріне;
- қалалық орман жерлерін қоса алғанда, қаланың жасыл желекті аймақ жерлерінде;
- гидрометеорологиялық станцияларды қорғау аймақтарында;
- сумен жабдықтау кәздерін санитарлық қорғау аймағында және су құбыры құрылыс алаңдарында;
- егер жобаланатын объектілер шипажайлардың табиғат емдеу құралдарын пайдалануға байланысты болмаса, шипажайлардың санитарлық қорғау округі аймағында.

5.6.4 Тұтынылатын суды азайту, айналымды және қайта-кезекті пайдалану жүйелерінде пайдаланылатын суды арттыру, әнім бермейтін шығындар мен су шығынын азайту, ластанған ағын судың тасталуын азайту және тоқтату, ағын суларды тазалау, олардан құнды заттарды алу және т. б. сияқты су ресурстарын орынды пайдалану шараларын ескеру қажет .

5.6.5 Объектіні жобалау барысында ластанған ағын суларды ығыстырудың алдын алатын және жерасты және беткі сулардың тікелей ластануына кедергі келтірмейтін шаралар қарастырылуы тиіс.

5.6.6 Құрылыс кезінде әндіріс қалдықтарының уақытша жиналуына және объектіде пайдалануға жол беріледі. Құрылыс қалдықтары кәлік жүретін қолайлы орынға орналасқан алаңға сақталады. Уақытша жинау кәлемі алаң әлшемімен анықталады.

5.6.7 Егер алыстатылған аумақта әсімдіктер мен жануарлардың сирек және қорғалатын түрлері тіршілік етсе, жануар және әсімдік әлемін қорғау бойынша шаралар әткізіледі.

5.6.8 Ағаштарды отырғызу кезінде: климаттық жағдайды, топырақ түрін, жауын-шашын мәлшерін, жел бағытын, әсімдіктердің күтілуін, тұрғындар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін ескеру керек. Ғимараттарды бұталармен зақымдаудан аулақ болу үшін ғимаратқа тікелей жақын жерге биік ағаштарды отырғызу ұсынылмайды.

5.6.9 Жер телімі ландшафтын жобалау барысында ландшафтың табиғи даму шартын ескеру керек.

6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

6.1 Энергия тұтынуды азайтуға қойылатын талаптар

6.1.1 Ғимараттар мен бәліктер жүйелері үшін энергияны тиімді пайдалану бойынша талаптарды ескеру арқылы ғимарат жобалануы тиіс.

6.1.2 Қазақстан Республикасы аумағындағы қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес объектің энергиялық тиімділігін арттыру бойынша шаралар шешімдерін және кешенін қарастыру керек.

6.1.3 Энергия кәздерін тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін ғимараттың қоршаушы конструкцияларында белгіленгеннен тәмен емес пайдалы әрекет ету коэффициент мәні болуы керек.

6.1.4 Жобалау кезінде жарық түсетін жақтары бойынша ғимаратты дұрыс бағдарлауды қарастыру керек.

Ғимаратты дұрыс бағдарлау қыс мезгілінде жылуды табиғи сақтауға және жаз мезгілінде салқындатуға септігін тигізуі, сонымен қатар үй-жайлардың инсоляциясын қамтамасыз етуі керек.

6.1.5 Ғимарат конструкциясын қоршайтын жылуды тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін энергияны үнемдеу материалдарын қолдану арқылы орындалуы тиіс.

6.1.6 Ғимараттың энергетикалық тиімділігін жетілдіру кезінде назарға климаттық және жергілікті жағдайлар, сонымен қатар үй-жай ішіндегі климаттық жағдайлар алынуы тиіс және экономикалық тиімділікті ескеру керек.

Бұл шаралар ғимараттың басқа техникалық талаптарына, сонымен қатар олардың жалпыға бірдейлігіне, қауіпсіздігіне және мақсатты қолданылуына әсер етпеуі тиіс.

6.1.7 Ғимараттарды жобалау кезінде жылыту және ауаны баптау жүйелерінің оқтайлы жұмысына бағатталған шаралардың орындалуын қамтамасыз ету қажет.

6.1.8 Ғимараттарда жоғары тиімді баламалы жүйелерді орнату мүмкіндігін (техникалық, экологиялық және экономикалық) қарастыру керек.

6.1.9 Жүйелік талаптар, егер олар техникалық, экономикалық және функционалдық орынды болса, мыналарда қолданылуы тиіс:

- жылыту жүйелерінде;
- ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде;
- ауа баптау жүйелерінде;
- ірі желдету жүйелерінде;
- немесе осы жүйелер үйлесімінде.

6.1.10 Ғимараттарда температураны, ылғалды, ауа шығынын жеке реттеу мүмкіндігін қарастыру керек.

6.1.11 Ағаштар отырғызуды ғимаратқа ауа келу айналымын жауып тастамайтындай жүргізу керек.

6.1.12 Терезе әйнектерін бояуға жол берілмейді.

6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

6.2.1 Шипажайларды санитарлық қорғау округі аймағына қарттар мен мүгедектерге арналған интернаттар атмосфераның, топырақтың және сулардың ластануын, шудың нормативтік деңгейлерін және электр магниттік әріс кернеулерін арттыруды тудырмаса, оларды орналастыруға жол беріледі. Шипажайларды санитарлық қорғау округінің үшінші аймағында табиғи емдеу құралдарына және шипажайдың санитарлық күйіне кері әсер етпейтін объектілерді орналастыруға жол беріледі.

6.2.2 Мүгедектер мен қарттарға арналған интернаттарды суармалы және құрғақ жерлерге, егіндік жерлерге, кәп жылдық жемісті ағаштар отырғызылған және жүзім алқабы алып жатқан жер телімдеріне, сонымен қатар су қорғау қорғаныстары және басқа ағаштар алып жатқан жерлерге ерекше жағдайларда жер заңнамасына сәйкес орналастыруға жол беріледі.

6.2.3 Құрылыс материалдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында пайдаға асырылған материалдарды қайта әңдеу керек. Құрылыс қалдықтарын рециклингтеу артықшылығы:

- құрылыс жұмыстарын жүргізу орындарында үнемді құрылыс материалдарын қамтамасыз етеді, құрылыстың әзіндік құнын тәмендетеді;
- қалдықтарды жою проблемаларын жеңілдетеді;
- экологиялық проблемаларды шешуге ықпал етеді.

ӘОЖ 727.14 **МСЖ 91.040.10**
91.040.30

Түйінді сөздер: Интернаттар, есептік сыйымдылық, жобалау, балалар топтары, алаңдар, жер телімі, аумақ, бәлмелер, вестибюль, үй-жай, әрт қауіпсіздігі, тұрмыстық қызмет кәрсету, сумен жабдықтау, канализация, санитарлық-техникалық қондырғылар, шкафтар, электрмен жабдықтау, сыртқы жарықтандыру желілері, автомобиль қою аймағы, әлсіз токты жүйелер.

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ 1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ 1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ 2
4 ЦЕЛИ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ 4
4.1 Цели нормативных требований 4
4.2 Функциональные требования 4
5 ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ 5
5.1 Основные положения 5
5.2 Требования по обеспечению надежности и устойчивости зданий 7
5.3 Требования по пожарной безопасности 8
5.4 Требования по обеспечению охраны здоровья людей в процессе эксплуатации зданий 10
5.4.1 Требования к размещению, участку и территории 10
5.4.2 Требования к объемно-планировочным решениям 13
5.4.3 Требования к коммуникационным путям 16
5.4.4 Требования к входным группам 17
5.4.5 Требования к устройству лифтов и подъемников 18
5.4.6 Средства информации и ориентации инвалидов 19
5.4.7 Дополнительные требования 20
5.4.8 Санитарно-гигиенические помещения 21
5.5 Инженерное обеспечение 22
5.5.1 Водоснабжение и канализация 22
5.5.2 Системы и устройства теплоснабжения, отопления и вентиляции 23
5.5.3 Системы устройства электроснабжения 24
5.5.4 Устройство связи и сигнализации 25
5.6 Охрана окружающей среды 26
6 ЭНЕРГОСБЕРЕЖЕНИЕ И РАЦИОНАЛЬНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ 27
6.1 Требования к сокращению энергопотребления 27
6.2 Рациональное использование природных ресурсов 29

ВВЕДЕНИЕ

Настоящий документ разработан в рамках реформы нормативной базы строительной сферы Республики Казахстан в соответствии с параметрическим методом нормирования, ориентированного на интеграцию строительной отрасли в региональную и мировую социально-экономическую системы.

Настоящие строительные нормы являются одним из нормативных документов доказательной базы технического регламента «Требования к безопасности зданий и сооружений, строительных материалов и изделий» и направлены на устранение технических барьеров в международном сотрудничестве в области строительства.

